

# Орталық Азияда құқық үстемдігін орнату бойынша 2020 - 2023 жылдарға арналған бағдарлама

Ортақ құқықтық кеңістік

Адам құқықтарын қорғауды күшейту

Экономикалық қылмыстарға  
қарсы күрес

Институционалдық қолдау

Еуропалық  
Одақпен бірлесе  
қаржыландырылады



ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ

COUNCIL OF EUROPE



Еуропа Кеңесімен бірлесе  
қаржыландырылады  
және жүзеге асырылады



Орталық Азияда құқық үстемдігін орнату бағдарламасы (2020 - 2023 жылдар) Еуропа Кеңесі мен Еуропа Одағы арасындағы әріптестікке негізделген және ортақ құндылықтар мен мақсаттарға бағытталған. Бағдарлама Еуропа Кеңесінің тәжірибесін пайдалануға дайын және Еуропа Кеңесінің көрші өнірлерге қатысты саясатына сәйкес ынтымақтастық талаптарына сай болуды қалайтын барлық Орталық Азия елдері үшін ашық. Бағдарлама Еуропа Одағының Орталық Азия бойынша стратегиясына да сай келеді. Бағдарлама сұранысқа негізделген европалық және басқа да халықаралық стандарттарға сәйкес адам құқықтарын, құқық үстемдігі мен демократияны нығайту жолымен азаматтардың өмірін жақсартуға бағытталған.

■ Бағдарлама негізгі үш іс-шарадан құралған:

- ▶ 1. Еуропа мен Орталық Азия арасында ортақ құқықтық кеңістік құру ісіне септесу және адам құқықтарын қорғауды күшешту;
- ▶ 2. Ашықтық және экономикалық қылмысқа қарсы күреске ықпалдасу;
- ▶ 3. Мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік басқару органдарының тиімді жұмыс істеуіне ықпалдасу.

## **БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ ҚАНДАЙ?**

- ▶ Еуропа мен Орталық Азия арасындағы ортақ аймақтық құқықтық кеңістікті ілгерілету және кеңейту, сондай-ақ адам құқықтарын қорғауды күшету;
- ▶ Жекеменшік сектордағы бизнестің тұтастығын және заңнамаға сәйкестігін арттыру, әкімшілік кедергілерді азайту және Орталық Азия елдерінде кәсіпкерлердің құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету;
- ▶ Орталық Азия елдерінде сыйбайлар жемқорлыққа, ақшаның ізін жасыруға қарсы күрес және активтерді қайтару жүйелерінің тиімділігін арттыру;
- ▶ Ұлттық әріптестерге құқықтық жүйелерін, мемлекеттік мекемелер мен сот органдарын реформалауды көмектесу.

### **Орталық Азияда құқық үстемдігін орнату бағдарламасына қысқаша шолу**

Бағдарламаны Еуропа Кеңесі төрт жыл бойы (2020-2023 жылдар) жүзеге асырады. Оның жалпы бюджеті 8 889 000 euro құрайды (90%-ын Еуропа Одағы, 10%-ын Еуропа Кеңесі қаржыландырады);

Бағдарлама географиялық жағынан Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан елдерін қамтиды және аймақтарға көп көніл бөлінеді;

Орталық Азияда құқық үстемдігін орнату бағдарламасын жүзеге асыруға ұлттық билік органдарының, Еуропа Одағының және Еуропа Кеңесінің өкілдерінен тұратын аймақтық және екіжақты басшылық комитеттер жетекшілік етеді.

## **БІЗ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙМІЗ?**

- ▶ Еуропа Кеңесінің түйінді конвенциялары туралы хабардарлықты арттырамыз және конвенциялар жүйесін терең түсінуге және ратификацияланған конвенциялар мен басқа да халықаралық стандарттарды тиімді жүзеге асыруға жәрдемдесеміз;
- ▶ Орталық Азияда аймақтық диалог құруға ықпалдасамыз және желілік жұмыс пен озық тәжірибе алмасудың аймақтық тетіктерін ынталандырамыз;
- ▶ Нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру мақсатында сараптаманы қамтамасыз ету және институционалдық әлеуетті тиісті елдерде нығайту;
- ▶ Орталық Азия елдері жүзеге асыратын реформалар бойынша сараптаманы қамтамасыз ету, әлеуетті арттыру және техникалық көмектің басқа да түрлерін ұсынамыз.



## БІРЕГЕЙ ТӘСІЛДЕМЕ

### Аймақтық ынтымақтастық

Ұлттық және аймақтық іс-шаралардың теңгерімін қамтамасыз етудің арқасында, Бағдарлама жалпы аймақтық мәселелерді нәтижелі әрі үйлесімді түрде барынша тиімді шешуге, сонымен қатар елдердің нақты мұқтаждықтарына тиімді түрде дең қоюға мүмкіндік береді.

### Сұранысқа негізделген

Бағдарлама ұлттық әріптестердің сұранысына негізделген. Бағдарлама бойынша іс-шараларды дұрыстауға және көмек барынша қажет әрі нәтиже беретін салаларда қолдау көрсету үшін тиісті билік органдарымен жүйелі түрде кеңестемелер өтіледі.

### Жауапты тараптар

Бағдарламаны жүзеге асыру және оның нәтижелері үшін жауапкершілікті сезіну серікtestердің Бағдарламаны әзірлеу мен жүзеге асыруға белсененді әрі үздіксіз қатысуы арқылы қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, жергілікті органдардың қатысуы олардың Бағдарлама бойынша үздіксіз нәтижеге жетууге үмтүлұына ықпалдасады.

### Жан-жақты мәселелер

Бағдарлама шенберіндегі барлық іс-шаралар Еуропа Кеңесінің Гендерлік тенденциясына сәйкес, адам құқықтарын, соның ішінде осал топтар мен азшылық топтарға назар аудара отырып, кемсітпеушілік, тенденция және қатыстыру қағидаттарын ескере отырып жүргізіледі және ынтымақтастық жобалары үшін Гендерлік мәселелерді есепке алу жөніндегі құралдар жиынтығы негізінде қамтамасыз етіледі. Азаматтық қоғам ұйымдарымен ынтымақтастық Еуропа Кеңесі ынтымақтастығының жобаларына азаматтық қоғам ұйымдарының қатысуының басшылық қағидаттарына сәйкес қамтамасыз етіледі.

## Enhanced Integration for Prosperity in Central Asia

27-29 November 2019  
Rixos Hotel  
Nur-Sultan, Kazakhstan

Усиление интеграции во имя  
 процветания в Центральной Азии

27-29 ноября 2019  
Отель Rixos  
нур-Султан, Казахстан



### Еуропалық Кеңестің стратегиялық үштағаны

Еуропа Кеңесінің техникалық жағынан қолдау жобалары стандарттарды белгілеу, қадағалау және ынтымақтасу бойынша бірегей стратегиялық үштағанның ажырамас бөлігі болып табылады: құқықтық тұрғыдан міндепті стандарттарды әзірлеу оларды тәуелсіз механизмдер арқылы қадағалаумен байланыстырылады және оларды жүзеге асыруға жәрдемдесетін техникалық ынтымақтастықпен толықтырылады. Еуропа Кеңесінің мүшесі болып табылмайтын Орталық Азия елдерінде қадағалау тетіктері осы елдер тиісті конвенциялардың келісімшартқа отырған тараптарына айналғанша қолданылмайды. Іс-шаралар Еуропа Кеңесі елеулі сараптамалық білімді иеленетін салаларда әзірленеді және жүзеге асырылады, соның ішінде танылған халықаралық сарапшылар тобы ұсынатын барлық қажетті іс-тәжірибе де қосымша пайда келтіреді.



## БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

**Орталық Азияда Құқық Үстемдігін Орнату  
Бағдарламасының үйлестіруші тобы  
Бағдарламаларды Үйлестіру Дирекциясы  
Еуропалық Қеңес  
Avenue de l'Europe F-67075 Strasbourg Cedex, Франция  
Электрондық пошта: [central.asia.programme@coe.int](mailto:central.asia.programme@coe.int)  
 @CentralAsia.RuleofLaw**



**ВЕБ-САЙТ  
<http://central-asia-eu.coe.int/>**

Еуропалық Қеңес – континенттің жетекші құқық қорғау үйімі. Оның құрамына 46 мүші мемлекет, соның ішінде Еуропа Одағының барлық мүшелері кіреді. Еуропалық Қеңеске мүші барлық мемлекеттер Адам Құқықтары Жөніндегі Еуропалық Конвенцияя – адам құқықтарын, демократияны және заңның үстемдігін қорғауға арналған шартқа көп көрді. Адам Құқықтары Жөніндегі Еуропалық Соты Конвенцияның мүші мемлекеттерде жүзеге асрылуын құдагалайды.

**[www.coe.int](http://www.coe.int)**

Еуропалық Одаққа мүші елдер ездерінің озық технологияларын, ресурстары мен тәғдیرларын біріктіруді шешті. Опар бірлесі тұрақтылық, демократия және орнықты даму аймағын қырып, мәдени алаң түрлілікі, тезімділік пен жеке адамның бостандығын сактап қалды. Еуропалық Одақ өз жетістіктері мен құндылықтарын өз шекараларынан тыс елдермен және халықтармен бөлісуге ұмтылады.

**[www.europa.eu](http://www.europa.eu)**

Еуропалық  
Одақпен бірлесе  
қаржыландырылады



**ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ**



**COUNCIL OF EUROPE  
CONSEIL DE L'EUROPE**

Еуропа Кеңесімен бірлесе  
қаржыландырылады  
және жүзеге асрылады